

УДК 37.013

С.Е. Жильгельдинов

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

Педагогикалық пәндерді оқытуда студенттердің кәсіби қабілеттерін қалыптастыру

Аңдатпа. Бұл мақалада педагогикалық пәндерді оқыту барысында студенттердің кәсіби қабілеттерін қалыптастыру жолдары қарастырылады. Еліміздің білім беру жүйесіндегі жаңа заман талабына сай білім берудегі «құзыреттілік» және «тұлғалық» бағытта оқыту әдістері мен «құзыреттілік» анықтамасын зерттеген ғалымдардың көзқарастары сипатталады.

Түйін сөздер: кәсіби, қабілеттер, қалыптастыру.

Білім беру кеңістігінде қазіргі таңда білім беру – әлеуметтік құрылымның маңызды элементтеріне айналды. Дүниежүзінде білімнің әлеуметтік ролі артты. Адамның болашағы оның қазіргі алған білімінің сапасына, көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты. Осыған сәйкес студентке белгілі бір көлемдегі білім, білік, дағдыларды меңгертумен қатар дүниетанымын кеңейтіп, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы. Оның ішінде ғаламдық өзгерулерге бейім жеке адамның да, қоғамның да жаңа іс-әрекет түрлеріне ынталана алатындай, өзгермелі мәдениеттік ортада өзін-өзі анықтай алатындай, және адамгершілікке, зияткерлікке, кәсіби біліктілікке тәрбиелейтіндей оқытудың үздіксіз жүйесін қалыптастыру қажеттілігі туындауда [1].

Тұлғалық бағдарлы және синергиялық (өзін-өзі дамыту) парадигмалары ең алдымен білім беру үдерісінің субъектілеріне ерекше талаптар қойып, жаңа инновациялық білім беру ортасын қалыптастыруын талап етеді. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында кредиттік оқыту жүйесі инновациялық орта ретінде қалыптасып келеді. Әлбетте, ол жаңа білім мазмұны мен инновациялық білім беру технологиялары мен әдістерді, яғни инновациялық ұйымдастыру-дидактикалық шарттарын қамтитын инновациялық білім беру жүйесін дамытуды талап етеді [2].

Оқытушы оқыту процесін жүзеге асыру барысында ғылыми ізденістің бағытына сай екі бағытты ұстануы қажет. Бірінші – іргелес ғылымдар саласының мүмкіншіліктері, негізгі керекті тұжырымдар талданып алынады. Оқыту процесі әдіснамасы философиялық диалектикаға негізделгендіктен төмендегі әдіснамалық тұғырларға сүйенеді: жүйелілік; аксиологиялық; жобалау; жаһандық; жеке тұлғалық – әрекеттік; деонтологиялық және т.б.

Оқытушы тиімді нәтижелерге жетуі үшін, қандай ғылымның болса да, белгілі бір ізденісті қалай, қандай мақсаттар үшін жүргізетіні туралы нақты, мүлтіксіз түсінігі болуы керек. Мұның өзі таным қызметін ұйымдастыруға, танымның белгілі бір «әдістер жүйесін» таңдап алуға көмектеседі. Оқыту теориялары оқытудың кейбір жақтарын, белгілері мен ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан талдайды, оларды мазмұндық жақтарына қарай топтастырып және жүйелеп, оқыту процесінің жалпы белгілері және ерекшеліктерін айқындайды.

Оқыту технологиясы – бір жағынан оқу ақпаратын өңдеуге, бейнелеуге және өлшеуге арналған әдістер мен құралдардың жиынтығы, екінші жағынан оқытушының оқыту процесіне қажетті техникалық немесе ақпараттық құралдарды пайдаланып студентке әсер ету әдістері туралы ілім. Университеттегі жалпы білім беретін пәндерді оқытудың басты мақсаты білім беруді ізгілендіріп, болашақ маманның тұлғалық-коммуникативтік қалыптасуына жағдай жасау.

Қазақстандық ғалымдар болашақ мұғалімдерді практикалық қызметке дайындау мәселесін назардан тыс қалдырған емес, олар оны мұғалімнің педагогикалық шеберлігін қалыптастыру және дамыту үшін негіз ретінде қарастырады. Практикалық қызметке дайындықтың түрлі аспектілерін Е.В. Артықбаева, К.С. Ахметқаримова, З.А. Исаева, И.Б. Ынтықбаева, С.С. Жұмашева, С.С. Жүсіпова және т.б. зерделеді.

Жоғары педагогикалық білім беру нәтижесін белгілеу үшін түрлі авторлар түрі жағынан айырмашылығы бар, бірақ мазмұнының мағынасы ұқсас терминологияны қолданады, мысалы: мұғалім құзыреттілігі (Н.В. Бублик, Ш.К. Жантлеуова, Т.С. Панина және басқалар), педагогтің, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі (Г.М. Коджаспирова, А.К. Маркова, Л.М. Митина, С.И. Фирхо және басқалар), педагогикалық құзыреттілік (С.В. Милицина, Р.В. Овчарова және басқалар), кәсіби-педагогикалық құзыреттілік (А.С. Белкин, Н.Н. Лобанова, В.В. Нестеров және басқалар). Біз бұл фактіні жоғары мектепте бүгінде оқытудың жетекші тәсілдерінің бірі ретінде құзыреттілік тәсіл болып табылатынымен түсіндіреміз [3].

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттер талдауы кәсіби педагогикалық білім берудің заманауи жүйесінің барлық еңбек қызметі бойына әлеуметтік-экономикалық болмыс және еңбек нарығы өзгерістері бойынша педагогтің кәсіби дайындығын арттыру мүмкіндігі барын анықтады. Маманның кәсіби қалыптасуының негізгі мақсаты оның таңдаған кәсіби қызметі саласында бәсекелестілікке қабілеттілігі болып табылатындығында. Оқытудың кредиттік жүйесі жеке тұлғаның, оның

интеллектуалдық, танымдық, шығармашылық қасиеттерінің білім берудің басым тереңділігі арқылы дамуын қамтамасыз етуге бейімделген.

Педагогтің қабілеттерін, әдетте, оның қызметін табысты орындауға ықпал ететін жеке тұлғаның жеке дара қасиеті ретінде қарастырады. Педагогикалық қабілеттерді педагогикалық еңбек объектісіне, құралдарына, жағдайларына өзіндік ерекшелігі бар сезімнен тұратын жеке тұлғаның жеке дара тұрақты қасиеттері және тәрбиеленушінің жеке тұлғасының ізделіп жатқан қасиеттерін қалыптастырудың продуктивтік үлгісін жасау ретінде белгілейді.

Педагогикалық қабілеттердің екі үлкен тобын бөліп қарауға болады [4]:

– мұғалімнің оқушының жеке тұлғасының жеке дара өзіндік ерекшелігіне ену мүмкіндігін және өзін-өзі түсінуді айқындайтын перцептивті-рефлексивті (перцепция – қабылдау) қабілеттер; бұл қабілеттер жетекші болып табылады;

– басқа адамға ықпал ете білумен байланысты проективті, конструктивті, басқарушылық қабілеттер.

Перцептивті–рефлексивті педагогикалық қабілеттерге енеді: басқа адамды зердедеуге, түсінуге, мұңына ортақ болуға қабілеттілік, оның көзқарасы тұрғысынан өзіне қарау қабілеті. Қабілеттердің бұл тобы «ядролық» (негізгі), ол болмаған жағдайда орны аз толтырылған болып табылады. Ол дәл педагог еңбегіне тән, өйткені оның үйренушінің психикалық дамуына бағытталғанын куәландырады [17].

Басқарушылық педагогикалық қабілеттерге енеді: басқа адамның жекелеген қылықтарына және жалпы оның мінез-құлқына ықпал ету, оқушының уәждеріне және мақсаттарына жүгіну және солар арқылы мінез-құлқын басқару, басқаруды басқа адаммен манипуляциялауға айналдырмау қабілеті [18]. Сондай-ақ көрінбейтін, жасырын және анық көрінетін, орны толатын және орны толмайтын педагогикалық қабілеттерді де бөліп қарайды.

Түрлі зерттеушілер педагогтің кәсіби-шығармашылық қабілеттерінің түрлі компоненттік құрамына меззейді. Осылайша, мысалы, Тұрғынбаева Б.А. [19] олардың кәсіби-шығармашылық жетістіктерінің деңгейі дамудан тәуелді болатын педагог жеке тұлғасының келесі жеке дара психологиялық ерекшеліктерін бөліп қарайды: жоғары танымдық қызығушылықтар, балаларға деген сүйіспеншілік және олармен жұмыс қажеттілігі, тұтас және қатаң мінез, дербестік және іскерлік, педагогикалық қабілеттер (педагогтің баланы қабылдау барабарлығы, педагогикалық болжау) және практикалық дағдылар мен икемдер: жалпыпедагогикалық (ақпараттық, дамытушы – ұтқыр), бағдарлық, жалпы еңбектік, коммуникативтік, өздігінен білім алу.

Педагогикалық қабілеттер талдауының басқа да тәсілдері бар. Мысалы, Кузьмина Н.В. келесілерді атап көрсетеді: коммуникативтік, ұйымдастырушылық, гностикалық [5].

Әрине, атап көрсетілген педагогикалық қабілеттердің әрқайсысы түрлі жағдайларда көрінуі мүмкін, оның ішінде педагогтың шығармашылығы бәрі бір көрсетілетін және студент шығармашылығына айналатын шығармашылық жағдайларда да. Сондықтан шығармашылық жеке тұлға ретіндегі педагогтың маңызды қасиеттерінің бірі – бұл эмпатияның жоғары деңгейі немесе В. Левидің өте тауып айтылған сөзі және кітабының аты бойынша «Искусство быть другим» (басқа бола білу өнері) [6].

Және педагогтің аяушылық, қайғысына ортақ болу, бірге мазасыздану, айтып-айтпа, бірге шығармалас болу қабілеттері қаншалықты жоғары болса, оның кәсіби шығармашылық нәтижелері соншалықты жоғары болады. Алайда педагог және студенттің шығармашылық бірлестігі шығу үшін «адамдардың білімінен және қарым-қатынас табиғатынан қалыптасатын басқа бола білу, қабылдай білу, яғни таза практикалық, өзін-өзі ұстай білу шеберлігі. Одан басқа өзін білуі, өзін қабылдауы және ең қиыны: өзін-өзі өзгерте білу, яғни өзіне басқа бола білу» қажет.

В. Леви, педагогтің шығармашылық көріністерінің әр түрлілігін сипаттай отырып, педагогтің жағдайға қарай бақылаушы, қадағалаушы, тәлімгер, зерттеуші, дәрігер, серік, сыншы және тағы сондайлар бола алатынын көрсетеді [7].

Ғалымдар қабілеттердің жалпы және арнайы болатынын көрсетеді. Жалпы қабілеттерге олар, бәрінен бұрын, интеллектуалдық қабілеттерді жатқызады: жақсы есте сақтау, зеректік және тағы басқа. Арнайы қабілеттерге қызметтің арнайы түрлерін табысты орындау үшін қажетті қабілеттерді жатқызады.

Педагогтің жалпы қабілеттерінің деңгейінің көрсеткіші, әдетте, педагогикалық оқу орнындағы оқушының ойдағыдай болуы болып табылады. Алайда практика мынаны көрсетеді: оқу орнында үздік оқығандар өздік педагогикалық қызметте ұдайы жетістіктерге жете бермейді. Осыған қарама-қарсы жағдайлар да аз кездеспейді: студент аса жақсы оқымайды, ал дербес жұмыста педагогикалық шеберлікті тез игереді және теориялық білім қорын толықтырады. Соған сәйкес, кәсіпті ойдағыдай игеру үшін арнайы қабілеттер қажет.

Арнайы педагогикалық қасиеттер деңгейі педагогика оқытушысы өзінің студенттерінің дамуының ерекшеліктері туралы ала алатын тереңде, ақпараттың жан-жақтылығынан; өзінің қызметінің қайта құрылуының жылдамдығынан көрінеді.

Барлық педагогикалық қабілеттердің студенттерге және оқытушының өзіне қосарлы жүгінуі бар. Олардың барлығында тәрбиеленушінің психологиясын тани білу сияқты диагностикалық элемент және

өздігінен білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу негізінде өзінің қызметін қайта құра білу сияқты шығармашылық элемент бар [8].

Арнайы қабілеттерге барынша толық тоқтала кетейік, оларға төмендегілерді жатқызуға болады: оқу материалын өздігінен іріктей білу, оқытудың оңтайлы құралдары мен тиімді әдістерін айқындай білу; барлық оқушылардың түсінуін және игеруін қамтамасыз ету үшін бір оқу материалын түсінікті қылып әр түрлі баяндау қабілеті; студенттердің білімдерді, біліктерді және дағдыларды тез және терең игерулерін қамтамасыз ете отырып, олардың ерекшеліктерін ескерумен оқытуды құра білу қабілеті; салыстырмалы қысқа мерзім ішінде барлық студенттердің ақпараттың үлкен көлемін игерулеріне, жылдамдатылған интеллектуалды және адамгершілікті дамуларына қол жеткізу қабілеті; сабақтан сабаққа өз оқытушылық шеберлігін жетілдіре отырып, сабақты дұрыс құру қабілеті; өз тәжірибесін басқа оқытушыларға беру және өз кезегінде олардан үлгі алу қабілеті; оқыту үшін пайдалы ақпаратты іздеуді және шығармашылық өңдеуді қоса өздігінен оқу, сонымен қатар оны тікелей педагогикалық қызметте пайдалану қабілеті; студенттерде қажетті мотивацияны және оқу қызметі (үйрету) құрылымын қалыптастыру қабілеті.

Барлық арнайы қабілеттердің білім, білік, дағдыны алу және оқыту, білім беру және үйрету сияқты құзыреттілікті қалыптастыру бойынша қызметтің өзара байланысты жақтарына қатыстары бар. Олардың онтогенезде қалай және қашан қалыптаса бастайтынын және қандай заңдар бойынша дамитынын дәп басып айту қиын. Олардың бірдеңелері туа біткен болып табылады және нышан түрінде болады, алайда осы уақытқа дейін бұл жөнінде ғылымның нақты бір нәрсе айту мүмкіндігі болмай отыр. Басқа да әр түрлі қабілеттер сияқты педагогикалық қабілеттер де дамиды және оларды толығымен саналы түрде студенттерде қалыптастыра беруге болады.

Арнайы педагогикалық қабілеттердің ерекше класын балаларды тәрбиелеу қабілеттері құрайды. Төмендегідей басты қабілеттерді ашып көрсетуге болады:

- басқа адамның ішкі жан дүниесін дұрыс бағалай білу, оған жаны ашу, ниеттес болу (эмпатия қабілеті) қабілеті;
- балалар тарапынан ойда, сезімде және қылықтарында еліктеу үшін үлгі бола білу қабілеті;
- баланың адамгершілік сезімдерін оята білу, жақсы болуға, адамдарға жақсылық жасауға, жоғары адамгершілік мақсаттарға қол жеткізуге талпынысын және ниетін оята білу қабілеті;
- тәрбиеленетін баланың жеке қасиеттеріне тәрбиелік ықпал етуге бейімдей білу қабілеті;
- адам бойына сенімділік ұялату, оны жайландыру, өздігінен жетілуге қызығушылығын ояту қабілеті;
- әр баламен қарым-қатынас жасау стилін табу, оның өзіне үйренуіне және өзара түсіністікке қол жеткізу қабілеті;
- тәрбиеленушілер тарапынан өзіне деген құрмет сезімін тудыру, оның тарапынан формальды емес мойындауын пайдалану, балар арасында беделге ие болу қабілеті.

Арнайы педагогикалық қабілеттер арасында ерекше түрдегі қабілеттер де бар. Бұл педагогикалық қарым-қатынас қабілеті. Осы қабілетті зерттеумен көп айналысқан В.А. Кан-Калик педагогикалық еңбектің құрылымында 200-ден аса компонент барын жазады. Қарым-қатынас оның тараптарының ең қиындарының бірі болып табылады, өйткені сол арқылы педагогикалық жұмыстағы басты нәрселер-мұғалім жеке тұлғасының оқушы жеке тұлғасына ықпал етуі жүзеге асырылады [9].

Педагогикалық жағдайларды талдау барысында жағдайларды салыстыру, оларда себепті тергеу байланыстарын анықтау және жіктеу барысында педагогикалық ойлау да педагогикалық қызметтің сырттай берілмеген, жасырын сипаттарын анықтау үдерісі ретінде ашылады.

Педагогикалық байқағыштық, жітілік, педагогикалық бейім – оқытушының сырттай еленбейтін белгілер және бөлшектер бойынша педагогикалық жағдайдың мәнін түсінуі, мінез-құлқының нюанстары бойынша студенттің іш-бауырына кіре білуі, айқын қылықтары бойынша адамды кітап сияқты оқи білу қабілеті.

Педагогикалық тапқырлық – қиын педагогикалық жағдайды икемді қайта құра білу, оған оңды әсерлі түс, позитивті және конструктивті бағыт беру.

Педагогикалық рефлексия – оқытушы санасының назарын өзіне аударып, студенттің іс-әрекетін оқытушы қалай түсінетіні туралы студенттің елестетуі және оның іс-әрекеті туралы студенттің елестетуін есепке алу. Рефлексия – өзгертін жағдайларда студенттің көзқарасымен оқытушының өзін жете түсінуін білдіреді. Үнемі ауысушылықтардан қирауға емес, іс-әрекеттердің жақсаруына әкеп соғатын оқытушыға өзінде сау құрылымдық рефлексін дамытқаны маңызды. Педагогикалық рефлексия – өзіндік талдауға дербес қарау.

Осы іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін кәсіби маңызды қасиеттер қажет. Кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерге қабілеттік те жатады, бірақ кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттер барлық көлемін аяғына дейін жеткізбейді, сонымен қатар дамуды болжауға және жоспарлауға болатын студентте бар қабілеттілік қорды есепке алуды маңызды деп санаймыз. Тұлғада бар қабілеттілік қоры ғалымда потенциал ретінде түсіндіріледі, кәсіби қызметтің тиімділігін арттыру үшін оларды ашу, дамыту және іске асыру қажет.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, іс-әрекеттің тиімділігіне және ойдағыдай игеруіне әсер ететін қызмет субъектінде өзіндік қасиеттер кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттер болып түсіндіріледі.

Педагогикалық пәндерді зерделеу үдерісінде студенттің кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерін дамытуды біз болашақ маман потенциалын ашатын және іске асыратын тұлғалық құрылымдағы сандық және сапалық үдеріс ретінде түсінеміз.

ЖОО оқытушысы – кәсіби қызмет мазмұны бойынша көпшілікке қол жетімсіз қасиеттер жиынтығына ие болуы тиіс тұлға: ол оқу үрдісі жобасын жасау, оқыту технологиясына түрлі ұстанымдарды үйлестіруі, оқытудың инновациялық жүйелерін қолдануы, педагогикалық рефлексияны жүзеге асыруы, яғни кәсіби-педагогикалық қызметтің шығармашылық, проблемалық міндеттерін шешуі тиіс. Дегенмен, тәжірибеде ЖОО оқытушылары оқытудың қазіргі заманғы технологиясын таңдау мен жүзеге асыруда қиындықтарға соқтығысады [10].

Жалпы, психология-педагогикалық әдебиеттер шолуы бізді практикалық қызметте болашақ педагогті дайындау бойынша бай тәжірибе жинақталғанына көзімізді жеткізді. Педагогикалық пәндерді зерделеу кезінде тұлғаның кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерді дамыту ерекшеліктерін зерделеудің түрлі тәсілдерін талдай отырып, біз зерттеп жатқан проблема құзыреттілік және жеке тұлғалық-қызметтік тәсілдерді іске асыру арқылы шешілуі мүмкін деген қорытынды жасау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Милорадова Н.Г. Современный специалист: основы компетентности. – М., 2009. – 105 с.
- 2 Даль В. Словарь русского языка. – М. 1998. – 480 с.
- 3 Безруков В. Общее образование взрослых: Стимулы и мотивы. – М.: Педагогика, 1987. – 184 с.
- 4 Федотова Е.Е. Компетентностный подход в зарубежном образовании// Проблемы формирования нового содержания образования. Образовательный вестник. Вып. № 27. – Томск: Дельтаплан, 2002. – С. 22-27.
- 5 Розов Н.С. Педагогическая компетентность. – Екатеринбург, 2003. – 144 с.
- 6 Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед.ғыл.докт....автореф.: – Қарағанды: Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, 2005. – 40 б.
- 7 Құдайбергенова К. Тұлға құзырлығын қалыптастыру жолдары. – Алматы: Мектеп, 2009. – 144 б.
- 8 Жантлеуова Ш.К. Формирование профессиональной компетентности студентов в процессе педагогической практики: автореф. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2006. – 29 с.
- 9 Огарев Е.И. Компетентность образования: социальный аспект. – СПб. Воронеж: Изд. РАО ИОВ, 2008. – 170 с.
- 10 Милицина С.В. Формирование профессионально-педагогической компетентности у студентов классического университета в условиях педагогической практики: дис. ... канд. пед. наук. – Санкт-Петербург, 2004. – 170 с.

REFERENCES

- 1 Miloradova N.G. Sovremenni spezhilolist: osnovi kompetentnosti. – M. 2009. – 105 s.
- 2 Dal V. Slovar russkogo yashika. – M. 1998. – 480 s.
- 3 Beshrukov V. Obshee obrozovanie vzhroslih: Stimuli I motive. M.: Pedagogika 1987. – 105 s.
- 4 Phedotova E.E. Kompetentnostni podhod v zarubezhnom obrozovanii // Prob Lemi phormirovaniya novogo sodержaniya obrozovaniya. Obrozovatelni vestnik. Vip. № 27. – Tomsk: Deltap lan, 2002. – S. 22-27.
- 5 Rozov N.S. Pedagogiseskaya kopetentnost. – Ekaterinburg
- 6 Kenzhebekov B.T. Zhogari oku rni zhuesiyde bolashak mamandardin kasibi xuzirettiligini kalip
- 7 Kudaibergenov K. Tulga kuzirligin kaliptastiru zholdari. - Alati: Mektep, 2009. – 144 b.
- Zhantleuova Sh.K.Phormirovanie prophessionalnoi kompetentnosti studentov v prozesse pedagogizeskoi praktiki: avtorepherat kand. Ped. Nauk. – Almati, 2006. – 29 s.
- 9 Ogarev E.I. Kompetentnost obrazovaniya: sozialni aspect. – SPb. Voronezh: Izd. RAO IOV, 2008. – 170 s.
- 10 Milizina S.V/ Phormirovanie prophessionalnj-pedagogizeskoi kompetentnosti u studentov klassizeskogo universiteta v usloviyah pedagogizeskoi praktiki: dis. Kand. Ped. Nauk. – Sankt-Peterburg, 2004. – 170 s.

РЕЗЮМЕ

С.Е. Жильгельдинов

Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)

Формирование профессиональных навыков студентов в преподавании педагогических дисциплин

В данной статье рассматриваются пути формирования профессиональных способностей студентов в процессе изучения педагогических дисциплин. Описываются методы обучения в направлении «компетенционного ведения» и «личностного» подхода в современной системе образования и взгляды ученых, исследовавших определение «компетентность».

Ключевые слова: профессиональный, способности, формирование.

RESUME

S.E. Zhilgeldinov

Innovative University of Eurasia (Pavlodar)

Formation of students professional skills in the teaching of pedagogical disciplines

The article discusses ways of forming students' professional abilities in the course of studying pedagogical disciplines. Methods of teaching within the Competence Approach and Learner Centered Approach as well as views of scholars researching Competence as a concept are described.

Keywords: professional, abilities, formation.